



## Біздің санамызды билеп алған биігіміз!

🕒 22.02.2018 👁 156 💬 0



(<http://economics.kazgazeta.kz/?p=23238>)

«Алматы ақшамы» газетінің 11.01.2018. №4(5511) санында, «Жылдың мерейлі даталары» айдарымен тұлғатану үрдісі жалғаса береді тақырыбының: «Өз ой-пікірімен де, іс-әрекетімен де көпшілікке темірқазық бола білетін дара тұлғалардың орны қашан да бөлек. Қоғамдық санаға қозғау салатын да, үлгі-өнегесімен ел-жұртты соңынан ерте алатын да, адамның жанын ізгілендіріп, рухани баюға бағыт нұсқап, жол көрсететіндер де – солар» деп басталатын биссимилласының, биылғы мерейтой иелерінің ішінде 18 ақпанда 80 жасқа толатын мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевке де қарата айтылғаны бізді ерекше сезімге бөледі.

Осындай игі дәстүрдің, университет басшыларының игі бастамаларының жалғасын тауып, көпшіліктің көзайымына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қалыптасқан дәстүр бойынша шығарылып келе жатқан, еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ұстаз, ғалымдарға, Қазақстан ғылымы мен білімінің бастауында тұрған тұлғаларға арналған «Өнегелі өмір» атты сериялық кітаптың Кенжеғали Әбенұлының 75 жылдық мерейтойына орай шығарылған 12-шығарылымында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов «Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебінің тарихында бірінен кейін бірін жалғастыра республиканың төрт ірі жоғары оқу орнын және ҚР Ұлттық Ғылым академиясын басқарған адам жоқ. Бұл құбылыс К.Ә.Сағадиевтің асқан кәсіби шеберлігін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетсе керек» дей келе, К.Ә.Сағадиевтің 2004-2007 жылдар аралығында ҚР үшінші және төртінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайланғанын, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы болғанын атай келе «Академик К.Ә.Сағадиев мұндай биік деңгейге өзінен кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық сирек таланты мен еңбекқорлығының, энциклопедиялық білімінің, ерекше ақыл-парасаты мен іскерлігінің арқасында қол жеткізді» дейді.


«Әркімнің шыққан тауы биік болсын» деген қазақтың нақыл сөзінің дәлеліндей, сонау 1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының (қазіргі «НАРХОЗ» университеті) табалдырығын аттаған біздің санамызды алғашқы көргеннен билеп алған биігіміз Кенжеғали Әбенұлының ғылым мен білімнің шыңдарын бағындырған әлемдік деңгейде қалыптасқан қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлік тұлғасына куә болып отырмыз. Кенжеғали Әбенұлының 1960 жылы С.М.Киров атындағы ҚазҰУ-ді

үздік бітіріп, 1963 жылы Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасына түсіп, оны мерзімінен бұрын нәтижелі аяқтап, «Одақтас республикалардағы күрделі құрылыстарды кешенді материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері» тақырыбына диссертация қарғап, осы тақырыптың экономикалық тиімділігін арттыру мәселелерін түбегейлі зертеп, 1977 жылы 39 жасында докторлық диссертация қорғап, 40 жасында профессор атануы, ҚР ҰҒА академиктері С.З.Зиманов, С.Б.Байзақов, Ә.Ә.Әбішев, «К.Ә.Сағадиев ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі» мақаласында «сол жылдары бүкіл Одақ көлемінде экономист ғалымдардың арасында сирек кездесетін өзгеше оқиға саналды. Кенжеғали Әбенұлы осы бағытың көшбасшысы болды» деп өздерінің мақтаныш сезімдерін білдірген. Кенжеғали Әбенұлы осы мамандық бойынша жоғары білімді кадрлар тәрбиелеудің, аспирантура мен кафедра ашудың басы-қасында болып, бұрын Қазақстан жағдайында ғана емес, Одақта да дами қоймаған материалдық-техникалық жабдықтаудың теориясы мен әдіснамасын жасап, тыңнан түрен салып, өзінің ғылыми мектебін ашқан тұңғыш ғалым. Біздің оқуға түскен, сол оқу орында жұмыс істеп жүрген кезімізде К.Ә.Сағадиевтің мектебі деп аталып кеткен «Материалдық-техникалық жабдықтау» мамандығына конкурс ең жоғары болды. Одақтың түкпір-түкпірінен ағылып келіп жататын. Өзі басқарған жоғары оқу орындары мен ҚР ҰҒА ұжым мүшелеріне басқарудың жаңа үгісін ұсынып,оны жүзеге асыру жолында өзінің батыл шешімдерімен ерекшеленген, қайсар мінезді, іскерлік, реформаторлық қабылеті мен табысты ғылыми ізденістерін көпшілік мойындаған дара тұлға. Кенжеғали Әбенұлының 1992 жылы Қазақ мемлекеттік экономикалық университетіне (қазіргі «НАРХОЗ» университеті) ректор болып оралған кезеңі республика өмірінде болып жатқан өзгерістермен сипатталатын. Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуға бетбұрыс жасалып, жаңа экономикалық жүйеге көшу – экономикалық кадрларды бұрынғыша дайындаудан бас тартып, оған түкпілікті өзгерістер енгізу күн тәртібіне қатал талап ретінде қойылды. Алғашқы қадамын арнайы комиссия құрып, профессор-оқытушылар құрамының білім-біліктілігін аттестациялау туралы батыл шешім қабылдап, жүзеге асырып, аттестациялаудың нәтижесін ректорат отырысында, аттестациялаудан өткен және кейбір белгіленген межеден төмен балл жинаған (олардың іштерінде ғылыми атақ-дәрежелері барлары да аз емес-тін) оқытушылардың қатысуымен талқылап, қабылданған батыл шешімнің нәтижесінде олардың кейбіреулерінің тамыр-таныс жағалап, ел ішіндегі және Ресей, Беларусь, тағы басқа да мемлекеттердің оқу орындарына тым-тырағай бас сауғалағанының куәсі болғанбыз. Кенжеғали Әбенұлының қажырлы еңбегінің, табандылығының арқасында университетте оқытушылардың еңбек ақысы (сол кездегі ешбір оқу орнында жоқ) екі есеге жуық (1,75%) өсті. Бұрынғы факультеттерді жаңадан оқу ғылыми кешені етіп қайта жасақтады. Халықаралық бизнес мектебінің негізін қалады. Оқу орнының қарқынды дамуына жол ашқан Кенжеғали Әбенұлын іле-шала 1994 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының президенті етіп сайлады. Кенжеғали Әбенұлы, ҚР үшінші және төртінші шақырылымындағы Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайланып, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарып, еліміздің қарқынды дамуына, мерзімінен бұрын әлемдік дамыған 50 елдің қатарына енуіне сүбелі үлес қосқан, халқын бірлікке, сабырға үндеген абызы. Заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезов бәрімізге ортақ болса да, ғұлама ғалым хәм жазушы Зейнола Қабдолов ағамыздың «Менің Әуезовым» эссе романын жазуы, бізді де Кенжеғали Әбенұлын «Біздің Сағадиевымыз» деп айтуға жетелейтін сияқты. «Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, перзентіңіз ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Кенжеғалиұлы Сағадиевтің де сізге тән бұқпантайлауды білмейтін батылдық, қайсар мінезділік, іскерлік пен даралық қасиеттерді бойына сіңіргені қуантады. Кешегі кеңестік керзаманда ұлтының рухын асқақтатып, туын тік ұстаған, дарабоз Әбіш Кекілбайұлы бағалағандай, Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің іргетасын қалаушылардың, азат қазақ ұлтының рухани көсемдерінің бірі, «...Болмасаң да ұқсап бақ» деп хакім Абай айтқандай Қ.Ә.Сағадиев сынды дара тұлғаның өнегелі ғұмырын өскелең ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында «К.Ә.Сағадиевтануды» айналысқа енгізу өзінің жемісін береді деп ойлаймыз. Сізге деген тілегімді, құрдасыңыз Әбіш Кекілбайұлының 2008 жылы сіздің 70 жылдығыңызға арнаған жүрекжарды тілегімен білдіргім келеді: «Жиырма бірінші ғасырға Тәуелсіз Қазақ Мемлекетінің іргетасын қалаушылардың, Азат Қазақ ұлтының рухани көсемдерінің бірі болып аттап отырсыз. Өкінішіңіз жоқ. Арманыңыз көп. Дегеніңізге жетіңіз! Аға жасындасыз. Баба жасына келіңіз! Асқар таудың басындасыз. Ұшпақты да көріңіз! Дүние тұрғанша тұрыңыз!»

**Мәди БАЙДАУЛЕТОВ,**  
**әл-Фараби атындағы**  
**ҚазҰУ «Есеп және аудит»**  
**кафедрасының доценті**

## Оқи отырыңыз





(<http://economics.kazgazeta.kz/?p=23153>)

Баршаға ортақ байлық (<http://economics.kazgazeta.kz/?p=23153>)



(<http://economics.kazgazeta.kz/?p=23130>)

Туризм мемлекеттік деңгейде басқарылады (<http://economics.kazgazeta.kz/?p=23130>)



<http://economics.kazgazeta.kz/?p=23238>